| | болып санау жүргізу және нөмірлер бойынша топқа бірігу дағдыларын жетілдіру; гимнастикалық қабырғаның тақтайшаларынан ұстап, ажырамай, өрмелеуге жаттықтыру.<br>**Дене шынықтыру**<br>Тақырыбы: "Биікке секіріп шығу".<br>Мақсаты: балаларды орнынан қос аяқтап қарғып, 30 см биікке секіруге дағдыландыру; қатарынан тізіліп сапқа тұрып бірінші-екінші болып санау жүргізу және нөмірлер бойынша топқа бірігу қабілетін пысықтау; гимнастикалық қабырғаның тақтайшаларынан ұстап, ажырамай, өрмелей білу | мерекесін балалар сағына күтетіні белгілі, қиялдау, армандай білуге тәрбиелеу.<br>**Көркем әдебиет**<br>Тақырыбы: "Кел, жаттайық. А.Асылбеков Жаңа жыл"".<br>Мақсаты. Қыс мезгілі туралы білімдерін жетілдіру. Жазушы Қ. Толыбаевтың өмірімен, шығармашылығымен таныстыру. Оқылған шығарманың мазмұнын әңгімелеуге, диалог сөздерін мәнеріне келтіре айта білуге үйрету. Есте сақтау, ойлау қабілеттерін дамыту. Табиғатты аялауға, жануарларға қамқор болуға тәрбиелеу.<br>**Орыс тілі**<br>Тақырыбы: "Рассказывание по | шыршалар кескіндерінің биіктігін көз өлшемі және қатарға тізбектеу арқылы салыстыру біліктерін жетілдіру; кеңістік ұғымдарын бекіту; ұсақ заттарды бірнеше сенсорлық эталоны (пішіні, түсі, шамасы) арқылы ажыратуда жаттықтыру бақылауға үйрету; тиянақтылыққа, зеректікке тәрбиелеу.<br>**Жаратылыстану**<br>Тақырыбы: "Ақша қарды бақылау"<br>Мақсаты: Балаларды дербес шығармашылық қызметке баулу; құрдастарымен және ересектермен бірлескен іс-әрекетте қарым-қатынас жасай білуге үйрету; | қимылдарын орындауда ептілікке, дәлдікке және музыкадағы контрастық бөлімдерді ажырата білу қабілетін арттыру.<br>**Музыка**<br>Тақырыбы: ""Щелкунчик" балеті".<br>Мақсаты: балалардың әнді көтеріңкі көңіл-күйде эмоционалды орындай білуге, музыкадағы контрастық бөлімдерді ажыратып, биді әуеннің сипатына, ырғағына сай орындай білу қабілеттерін жетілдіру; музыка ырғағын, сипатын сезіне білуге ынталандыру, түйсігін дамыту.<br>**Сурет салу**<br>Тақырыбы: "Аяздың | қатынас дағдыларын дамыту. Жануарларға қамқорлықпен қарауға тәрбиелеу. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қабілетін жетілдіру; шымыр, иілгіш, зерек болуға ынтыландыру.<br>**Қауіпсіз мінез-құлық негіздері**<br>Тақырыбы: "Дәрумендердің пайдасы".<br>Мақсаты: балаларға адам денсаулығына дәрумендердің тигізер пайдасы туралы түсіндіру; дәрумендер қоры туралы білімдерін кеңейту; құрамында дәрумендері бар азық-түліктерді атай білуге үйрету. | мотивам сказки. В. Одоевского "Мороз Иванович". Необычные загадки." Мақсаты. Развивать представления детей о празднике Новый год; закреплять понятия об одежде для мальчиков и для девочек; закреплять знания о содержании и героях известных сказок. Развивать умения отвечать на русском языке на вопросы по теме Нового года, различать и называть на русском языке предметы одежды человека в два сезона (зимний, летний); упражнять в артикуляции слов со звуками [Х], [Ы], [Ш], [Ч], во время пропевания песенки о новогодних игрушках; учить различать и называть предметы, похожие | танымдық қызығушылықтарын, қоршаған әлемге эстетикалық қатынасты қалыптастыруды дамыту; ұжымшылдық сезімін тәрбиелеу.<br>**Құрастыру**<br>Тақырыбы: "Ақ денелі, ақ сақалды"<br>Мақсаты: балаларды "оригами" әдісі бойынша Аяз атаны құрастыруды үйрету; қағазбен жұмыс жасау іскерліктерін жетілдіру; қыс мезгілінің ерекшеліктерін атап өту арқылы балалардың жаңа жылдық мереке жайлы білімдерін толықтыру; шығармашылық, қиял, ой-өрістерін кеңейту; логикалық ойлау қабілеттерін дамыту. | қырау оюлары".<br>Мақсаты: балаларға қылқалам түгінің ұшымен шаршы немесе тіктөртбұрыш пішініне жіңішке немесе жуан келген, иректелген, бұрмаланған, нүктеленген ою элементтерін салу техникасын игерту; монотипия техникасын ұштау; Аяз-Атаның бейнесін өз қиялында ерекше көріп, бір-біріне ұқсамайтын оюларды қағаз бетінде жаңғырту іскерлігін ұштау; түйсіктер және эмоциялар әлемін дамыту; сезімталдыққа тәрбиелеу.<br>**Жапсыру**<br>Тақырыбы: "Аяз ата келіп қалды".<br>Мақсаты: балаларды | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | на геометрические тела; развивать коммуникативные навыки, эмоциональность. Воспитывать дружелюбие, организованность, позитивное отношение к миру, любовь к сказкам.<br>**Сауат ашу негіздері**<br>Тақырыбы: "[қ] дыбысы және Ққ әрпін қайталау, әріп таңбасын жазу"<br>Мақсаты. [қ] дыбысымен және әрпімен таныстырып, сөздерге дыбыстық талдау жасап білуге үйрету. [қ] дыбысын қатыстыра отырып сөз, сөйлем құрау, буынға назар аудару және [қ] дыбысының сөздің қай жерде кездесіп тұрғанын (басында, ортасында, соңында) таба білуге дағдыландыру. | | қағаз бетіндегі жаңа жылдық шырша сұлбасының ішіне біртекті етіп ұшбұрыштарды жапсыруға, шаршыны бұрып, тең ортасынан бүктеу арқылы, диагональ бойымен қиып, үшбұрыш пішіндерді шығаруға үйрету; кеңістікті бағдарлай қабілеттерін жетілдіру; қол саусақ моторикасын дамыту; жаңа жылдық көңіл-күй сыйлауға, достыққа тәрбиелеу.<br>**Мүсіндеу**<br>Тақырыбы: "Аяз атадан келетін сыйлықтың қорапшасы".<br>Мақсаты: балаларды мүсіндеудің әртүрлі әдістерін пайдалана отырып, сазбалшықтан жаңа жылдық | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | Байланыстыра сөйлеуге, ұғымталдыққа баулу.<br>**Сауат ашу негіздері**<br>Тақырыбы: "[е] дыбысы және Ее әрпі, әріп таңбасын жазу."<br>Мақсаты. [е] дыбысы және әрпі жайлы түсініктер қалыптастыру. [е] дыбысы мен әрпін оқуды, жазуды меңгерту; Балаларды адамгершілікке, ізеттілікке, білім алуға тәрбиелеу; Ойын арқылы балалардың ойлау, есте сақтау қабілеттерін, оқуға, жазуға қызығушылықтары мен ынта-талаптарын арттыру, ой қозғау, әңгіме құру арқылы сөздік қорын молайту. | | ойыншықтарды мүсіндеуді үйрету; жаңа жыл мерекесі туралы білімдерін арттырып, жылдың осы мерекеден басталатынын түсіндіру; бала саусақтары бұлшық еттерінің дамуын негізгі мүсіндеу іс-әрекетінің дұрыс жасалуы арқылы дамыту; жаңа жыл мерекесін балалар сағына күтетіні белгілі, қиялдау, армандай білуге тәрбиелеу. | |
| **Вариативті компонент** | | **Ағылшын тілі**<br>Тақырыбы: "In the country. Letter Nn." | **Математика негіздері.**<br>Тақырыбы: | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | Мақсаты. Үй жануарларына байланысты жаңа лексикалық бірліктерін беру. Жаңа Мm әрпімен таныстыру. Тыңдау, сөйлеу, жазу, есте сақтау қабілеттерін дамыту. Фонетикалық дағдыларды жетілдіру. Үй жануарларының мекен ету ортасы, қоректенуі туралы түсінік беру. Үй жануарларына сүйіспеншілікке тәрбиелеу. | "Сыйлықтар әзірлейік. ". Мақсаты: Балалардың бірден сегізге дейінгі сандардың және олардың құрамы жөніндегі түсініктерін тиянақтау; заттарды сипап- сезу арқылы анықтауға жаттықтыру; жылдам санау дағдаларын жетілдіру; ой-өрістерін, есте сақтау, көру қабілеттерін дамыту; қамқорлыққа, тиянақтылыққа, әдептілікке тәрбиелеу. **Жас зерттеуші.** Тақырыбы: "Ғажайып сыйлықтар". Мақсаты. Кітап - сарқылмас рухани қазына дей келе, білімнің кітап арқылы берілетін | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | ұғындыру, кітаптың адам өміріндегі маңызы, ғылым мен білімнің пайдасы жайлы түсіндіру; кітапқа деген қызығушылықтарын арттыру, балалардың қағаз туралы түсініктерін бекіту, қағаздың қасиеттерімен таныстыру; балалардың ойлау қабілетін дамыту; білімге деген құштарлығын арттыру, кітапты күтіп ұстауға тәрбиелеу. | | |

**«Қарлығаш» мектепалды топқа арналған перспективалық жоспар**
**Қаңтар айы 2021-2022 оқу жылы**

| | **Денсаулық -3**<br>Дене шынықтыру – 2,5<br>Қауіпсіз мінез-құлық негіздері – 0,5 | **Қатынас– 5**<br>Сөйлеуді дамыту- 1<br>Сауат ашу негіздері – 2<br>Көркем әдебиет– 1<br>Орыс тілі – 1 | **Таным – 2,5**<br>Математика негіздері– 1<br>Құрастыру– 0,5<br>Жаратылыстану– 1 | **Шығармашылық – 5**<br>Сурет салу– 1<br>Музыка – 2<br>Мүсіндеу– 1<br>Жапсыру– 1 | **Әлеумет – 1,5**<br>Өзін-өзі тану1<br>Қоршаған ортамен танысу-0,5 |
|---|---|---|---|---|---|
| **Қыс қызығы / Зимние забавы / Winter fun // (1-апта)** | | | | | |
| Мақсаты. Балалардың қысқы ойындар мен қысқы спорт ойындары жайындағы ұғымдарын дамыту; ауадағы ойындарға еркін қатыса білу қабілеттерін жетілдіру. | | | | | |
| Оқу қызметінің түрі, тақырыбы, мақсаты. | **Дене шынықтыру**<br>Тақырыбы: "5 метр қашықтықтан допты жерге соғу".<br>Мақсаты: балаларды 5 метр қашықтыққа алға жылжи отырып, оң және сол қолмен кезек-кезек допты жерге соғуға үйрету; сапта бірінің артынан бірі арқанша бойымен арақашықтықты сақтап, бағытты өзгертіп жүгіру қабілетін қалыптастыру; 50 | **Сөйлеуді дамыту**<br>Тақырыбы: "Қысқы көрініс".<br>Мақсаты: балалардың қыс мезгілі және оның ерекшеліктері туралы білімдерін кеңейту; "Жыл мезгілдері" атты ертегіні оқып беріп, сұрақ жауап ұйымдастыру арқылы тілдік нормаларын дамыту; балаларды табиғатты аялай білуге, қамқорлыққа тәрбиелеу.<br>**Көркем әдебиет**<br>Тақырыбы: "Екі аяз" ертегісін мазмұндау".<br>Мақсаты: халық | **Математика негіздері**<br>Тақырыбы: "Саны он екі айлар тізбегі".<br>Мақсаты: балаларды жылдың он екі ай тізбегімен таныстыру, әрбір жыл мезгіліне үш ай, жиыны он екі ай болатынын сызбалы түрде көрсетіп, реттілігін атап, жыл мезгілдерін бағдарлау амалдары туралы білімдерін жетілдіру; шар денелі "қар" моделдерін көлемі бойынша | **Музыка**<br>Тақырыбы: "Аппақ әлем".<br>Мақсаты: балаларды аппақ қыс әлемі туралы әннің сипатын түсіне білуге үйрету; төмен және жоғары дыбыстарды ажырата білу қабілетін жетілдіру; музыкадағы ырғақты сезіне білу қабілетін дамыту; музыкалық аспапта ойнау қабілетін қалыптастыру; музыкалық шығармашылықтарын арттыру. | **Қоршаған ортамен танысу**<br>Тақырыбы: "Көліктердің қыстағы пайдасы".<br>Мақсаты: балаларға көшені қардан тазалайтын көліктерді бақылауға үйрету; көліктердің түрлері жыл мезгіліне немесе ауа райына байланысты қолданылатыны туралы ұғымдар қалыптастыру; көліктердің пайдасын, қажетін өмірлік |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | см қашықтықта орнынан ұзындыққа секіруге жаттықтыру.<br>**Дене шынықтыру**<br>Тақырыбы: "Кезек-кезек допты жерге соғу".<br>Мақсаты: балалардың 5 метр қашықтыққа алға жылжи отырып, оң және сол қолмен кезек-кезек допты жерге соғу дағдысын жетілдіру; сапта бірінің артынан бірі арқанша бойымен арақашықтықты сақтап, бағытты өзгертіп жүгіру, 50 см қашықтықта орнынан ұзындыққа секіру қабілетін пысықтау; зерек, епті, табанды болуға ынталандыру. | ертегілеріне деген қызығушылығын арттыру; ертегіні түсініп тыңдай білуге үйрету. Сөйлеу тілдерін жетілдіру, сөздік қорларын дамыту; балаларды ертегі арқылы достыққа, адалдыққа, мейірімділікке, жақсы мен жаманды айыра білуге тәрбиелеу.<br>**Орыс тілі**<br>Тақырыбы: "Рассказывание по картине "Как мы играли со снегом". Виды зимних забав."<br>Мақсаты: расширять представления детей о видах зимних забав; знакомить с правилами поведения зимой на улице, способствующими укреплению здоровья; учить строить простые разнообразные предложения об играх детей зимой по сюжетной картине; | салыстыруда саусақтар мен қарындашты қолданып, сызба жасау амалына үйрету; қысқы спорт ойындары туралы ұғымдарын пысықтау; тиянақтылыққа, дәлдікке тәрбиелеу.<br>**Жаратылыстану**<br>Тақырыбы: "Қонаққа келген Аққала"<br>Мақсаты: Балаларды қыс мезгілінде ойнатылатын ойындар туралы білімдерін тиянақтау; қысқы олимпиада ойындары туралы жалпы ұғымдар беру; ойындарға қатысу және бақылау нәтижесінде түсініктерді өздігінен айтуға үйрету; | **Музыка**<br>Тақырыбы: "Қыс әлемі".<br>Мақсаты: балаларды аппақ қыс әлемі туралы әннің сипатын түсініп, түсіндіруге ынталандыру; төмен және жоғары дыбыстарды ажыратып, атауға дағдыландыру; музыкадағы ырғақты сезіне білу, музыкалық аспапта ойнау қабілетін жетілдіру; музыкалық шығармашылықтарын арттыру.<br>**Сурет салу**<br>Тақырыбы: "Қысқы ойындарды ойнаған балалар".<br>Мақсаты: балаларды қысқы ойындарды ойнап жүрген балалар мен тағы басқа бейнелерге толған қысқы аула сюжетін салуға үйрету; шанада отырған баланың, күшіктің, | жағдаяттарда түсінуге баулу; көліктерге байланысты мамандық иелерін ажыратуға жаттықтыру; адамның тіршілігі табиғат құбылыстарына байланысты болғанын түсіндіру; ой өрісін дамыту; адамның еңбегін бағалауға тәрбиелеу.<br>**Өзін-өзі тану**<br>Тақырыбы: "Сәлемдесе білемін".<br>Мақсаты: балаларға сәлемдесу, амандасу туралы түсінік бері; сәлемдесе білуге үйрету; бойындағы жақсы қасиеттерді дамыту; әдептілікке тәрбиелеу. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Дене шынықтыру**<br>Тақырыбы: "Допты жерге соғу ойындары".<br>Мақсаты: балалардың ойындарда алға жылжи отырып, оң және сол қолмен кезек-кезек допты жерге соғу, сапта бірінің артынан бірі арқанша бойымен арақашықтықты сақтап, бағытты өзгертіп жүгіру, 50 см қашықтықта орнынан ұзындыққа секіру қабілеттерін шыңдау; зеректікке, жылдамдыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. | учить проговаривать артикуляционно слова с щипящими и свистящими звуками [Ж], [Ш], [Щ], [С], проговаривая также окончания; воспитывать внимательность, дружелюбие.<br>**Сауат ашу негіздері**<br>Тақырыбы: "[ұ] дыбысы және Ұұ әрпі, әріп таңбасын жазу".<br>Мақсаты: [ұ] дыбыстарын және Ұ әрпімен таныстыру. Ұ әріп таңбасын жазылуын үйрету. Артикуляция бойынша дұрыс айтуға үйрету. Сөзден сөйлем құрауға үйрету, буынға бөлуді дамыту. Дыбыстық талдау жасату.<br>**Сауат ашу негіздері**<br>Тақырыбы: "[ұ] дыбысы және Ұұ әрпі қайталау, әріп таңбасын жазу".<br>Мақсаты: [ұ] дыбысы және әрпімен | дидактикалық ойыны арқылы түйсік қасиеттерін жетілдіру; салауатты өмір салтына машықтандыру; іздемпаздыққа, тиянақтылыққа тәрбиелеу. | аққала бейнелерін салуда дене үйлесімділіктерін сақтауға баулу; қарындашпен сурет салуда түрлі түстер мен реңктерін пайдалануға машықтау; қысқы ойын-сауық түрлері жөніндегі түсініктерді пысықтау; көзбен мөлшерлеу қабілетін, ой-қиялын дамыту; табандылыққа тәрбиелеу.<br>**Жапсыру**<br>Тақырыбы: "Аққала".<br>Мақсаты: балаларды шаршыдан шеңбер қиып, Аққаланы құрастырып қағаз бетіне жапсыруға үйрету; алдын-ала дайындалған көз, мұрын, жаңа жылдық қалпақ, ағаш бұтағы, қолғап қима үлгілерін жапсыруға үйрету; аққала туралы білімдерін жетілдіру; қолдың ұсақ | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | танystыру. Жеке сөздерді оқуға және тез оқуға дағдыландыру.<br>[ұ] дыбысы кездесетін сөз, сөйлем ойлатып, оларға дыбыстық талдау жасатуға үйрету.<br>Ұқыптылыққа, әдемі жазуға дағдыландыру.<br>[ұ] дыбысы бар сөздерді оқыту, жаздыру, осы әріп арқылы сөздер құрастыра отырып, ойларын өрбіту.<br>Балалардың есте сақтау қабілетін, логикалық ойлауын, сөздік қорларын, танымдық дағдыларын дамыту. | | моторикасын саусақтарымен қылқаламды ұстау, жазықтықты және кеңістікті бағдарлау мүмкіндіктерін жетілдіру.<br>**Мүсіндеу**<br>Тақырыбы: "Қыс кереметі – аққала!"<br>Мақсаты: балаларды ермексазды домалату әдісі бойынша аққаланы жасауға, ермексазды басу, жалпайту арқылы аққаланың қолғаптары мен пимасын, ойық жасау арқылы бас киімін мүсіндеуге үйрету; қыс мезгілінің кереметтілігі туралы білімдерін кеңейтіп, аққаланың жасалу жолдарын түсіндіру; баланың қол саусақтарының бұлшық еттерін мүсіндеу оқу қызметі арқылы дамыту. | |
| **Вариативті** | | **Ағылшын тілі** | **Математика** | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **компонент** | | Тақырыбы: "Shapes. Letter Oo".<br>Мақсаты: пішіндер түрлерімен және жаңа Оо әрпімен таныстыру. Оо әрпінен басталатын сөздерді үйрету. Тыңдау, сөйлеу, жазу, есте сақтау қабілеттерін дамыту. Сөздік қорларын кеңейту. Пәнге деген қызығушылығын арттыру. | **негіздері**<br>Тақырыбы: Жыл мезгілдері<br>Мақсаты: Балаларды жылдың төрт мезгілі мен он екі ай тізбегімен таныстыру; жыл мезгіліндерінің ерекшеліктері жайлы білімдерін пысықтау; сандар тізбегін анықтап, жылдам жазу дағдысын жетілдіру; ойлау, есте сақтау қабілеттерін, көру арқала қалдауларын дамыту; адамгершілікке, ұстамдылыққа, жинақылыққа тәрбиелеу.<br>**Жас зерттеуші.**<br>Тақырыбы: "Туған өлкедегі қыс".<br>Мақсаты: балалардың қыс мезгілі туралы білімдерін нақтылау, қыс мезгіліне тән | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | белгілерді білу және таба алуға үйрету; қыс мезгіліндегі жануарлар өміріндергі өзгерістер туралы түсініктерін тиянақтау; адамның қысқы еңбегі туралы білімдерін бекіту; балалардың табиғатқа деген қамқорлық қарым-қатынасын ынталандыру және қолдау. | | |
| **Қардың пайдасы / Свойства снега / Properties of snow // (2-апта)** | | | | | |
| Мақсаты. Қар жерді қатты аяздардан, ағаштардың, бұталардың және көп жылдық өсімдіктердің тамырларын тоңып қалудан қорғайтыны, қардан мұз қалашықтар тұрғызуға, шанамен және шаңғымен сырғанауға, қардан мүсіндер жасауға қажет екені туралы түсінік беру. | | | | | |
| Оқу қызметінің түрі, тақырыбы, мақсаты. | **Дене шынықтыру** Тақырыбы: "Екі тобық арасына доп қысып алып жүру". Мақсаты: балаларды екі тобық арасына доп қысып алып жүруге үйрету; бір жағы 30-40 см биік еңкіс тақтайдың үстімен қолдарын | **Сөйлеуді дамыту** Тақырыбы: "Сөйлем түрлері. «Қысқы ойындар» суреті бойынша әңгіме құрастыру". Мақсаты: сөйлем түрлерін ажырата білуге үйрету; қорытынды жасай білуге дағдыландыру; сөйлемді құрату | **Математика негіздері** Тақырыбы: "Судың көлемін өлшеу амалдары". Мақсаты: балалардың шартты өлшем туралы ұғымдарын қалыптастыру; судың көлемін өлшейтін құрал- | **Музыка** Тақырыбы: "Зырлайды шанамыз". Мақсаты: балаларды әннің сөздік мазмұнын эмоционалды қабылдай білуге үйрету; төмен және жоғары дыбыстарды ажырата білу қабілетін жетілдіру; | **Өзін-өзі тану** Тақырыбы: "Жақсылыққа - Жақсылық". Мақсаты: "Өзара достық", "жақсылық" ұғымдары туралы түсінік дамыту; достық қарым - қатынас туралы түсініктерін |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жанына жіберіп, жүру дағдыларын қалыптастыру; саптағы ауыспалы жүру және жүгіру жаттығуларын дұрыс орындауға дағдыландыру.<br>**Дене шынықтыру**<br>Тақырыбы: "Екі тобық арасына доп қысып алып жүруді пысықтау".<br>Мақсаты: балалардың екі тобық арасына доп қысып алып жүру, бір жағы 30-40 см биік еңкіс тақтайдың үстімен қолдарын жанына жіберіп, жүру дағдыларын жетілдіру; саптағы ауыспалы жүру және жүгіру жаттығуларын дұрыс орындауға ынталандыру; ұйымшылдыққа, ептілікке, шыдамдылыққа | арқылы тіл байлықтарын дамыту. Қоршаған ортаның суреттерін көрсете отырып, дүниетанымдарын кеңейту, табиғатқа деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу.<br>**Көркем әдебиет**<br>Тақырыбы: "Н. Жанаев «Ақ қоян» өлеңін оқу. Мазмұны бойынша әңгімелесу".<br>Мақсаты: жыл мезгілдері туралы түсініктерін кеңейту, әр жыл мезгілінің ерекшеліктерін айтуға, көргендері мен аңғарғандарын дұрыс мазмұндауға үйрету; қыс мезгілі туралы тақпақтарды мәнерлеп, жатқа білу арқылы көркем әдебиетке қызықтыру; ойлау, сөйлеу, қорытынды жасау қабілеттерін дамыту; қалтықсыз жақсылық жасауға, айналадағы | жабдықтармен таныстыру, суды өлшеуде қолданып, жаттықтыру; қардың қасиетін тануда, сумен іс-тәжірибелерді жасауды сөзбен де жеткізу білігін жетілдіру; тіктөртбұрышты тең екі бөлікке және тең төрт бөлікке бүктеп, болу тәсіліне үйрету, бүтін өзінің бөліктерінен үлкен екендігі туралы түсіндіру; зияткерлікке, тапқырлыққа тәрбиелеу.<br>**Жаратылыстану**<br>Тақырыбы: "Қардың қасиеттері".<br>Мақсаты: балаларға қардың құрылымы және оның судың айналудың бірі екендігі туралы қарапайым білімдерді пысықтау; үш | музыка әуенімен жүгіруге және алға-артқа секіруге және музыка әуенімен бірге би қимылдарын еркін орындауға жаттықтыру; музыкалық аспапта ойнау қабілетін қалыптастыру.<br>**Музыка**<br>Тақырыбы: "Қысқы ойындар".<br>Мақсаты: балаларды әннің сөздік мазмұнын түсініп, шырқауда дауысымен эмоционалды жеткізуге ынталандыру; төмен және жоғары дыбыстарды ажырата білу қабілетін жетілдіру; музыка әуенімен жүгіруге және алға-артқа секіруге және музыка әуенімен бірге би қимылдарын еркін орындау қабілеттерін, музыкалық аспапта ойнау қабілеттерін | кеңейту; үлкендермен, құрбылармен сыйластық қарым-қатынас мәдениетін дамыту; достықты қадірлей білуге тәрбиелеу. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | тәрбиелеу.<br>**Қауіпсіз мінез-құлық негіздері**<br>Тақырыбы: "Үйдегі жалғыздық қауіпсіздігі".<br>Мақсаты: балаларға үйдегі қауіпсіздік ережесі туралы түсінік беру; адам денсаулығы үшін үйдегі қауіпсіздік ережесін сақтау жөнінде білімдерін кеңейту; адам өмірі үшін сақтандыру шараларын сақтауға үйрету. | жануарларға қамқорлық көрсетуге тәрбиелеу.<br>**Орыс тілі**<br>Тақырыбы: "Слова, похожие на слово "снег". Снегопад."<br>Мақсаты: расширять представления детей о свойствах снега; закреплять знания об однокоренных словах на примерах "снег", "снегопад", "снежинка", "Снегурочка", "снеговик"; учить внимательно вслушиваться в слова на русском языке, замечать, называть однокоренные со словом "снег"; развивать умения составлять предложения до четырех и пяти слов в составе, опираясь на мнемотаблицы; упражнять в проговаривании слов из стихотворений на тему о снеге; учить делать | кезеңдік зерттеу жұмыстарын жүргізе отырып, талдау, салыстыру, белгілі қорытынды жасау білімін дамыту; өз істеріне деген мақтаныштарын тудыру; нұсқауларды мұқият тыңдап, зерттеу жұмыстарын нақтылы жасауға үйретіп, тәртіпке баулу.<br>**Құрастыру**<br>Тақырыбы: "Қар жауып тұр".<br>Мақсаты: балаларды мақтаны үзіп, қар деп қабылдап қағаз бетіне жапсыруға, қағаздан тіктөртбұрышты, мақта табақшаларын тең ортасынан қиып үйді жапсыру, мақта табақшаларының доға тәріздес | дамыту.<br>**Сурет салу**<br>Тақырыбы: "Қасқыр мен түлкі".<br>Мақсаты: балаларды аңдардың денелерін салу техникасын, қағаз бетіне екі бейне арқылы композицияны құру техникаларын жетілдіру; "Түлкі мен қасқыр" ертегісі желісін пысықтау; ертегіде жабайы аңдардың бойындағы адамға тән қасиеттері туралы түсініктерін кеңейту; кейіпкерлерді салуда отырған және жүрген қимылдар ерекшеліктерін көрсетуге үйрету; қу немесе ақымақ болу мысалдарына қарап, жаман мен жақсы қасиеттерін ажырата білу қабілеттерін дамыту.<br>**Жапсыру**<br>Тақырыбы: "Қыс | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | выводы о свойстве снега на основе примеров из сказки "Снегурочка" и схемы интеллектуальной карты о воде; воспитывать наблюдательность, любознательность.<br>**Сауат ашу негіздері**<br>Тақырыбы: "[і] дыбысы және Іі әрпі, әріп таңбасын жазу"<br>Мақсаты: [і] дыбысы және І әріп таңбасын жазуға үйрету, таныстыру. [і] дыбысына байланысты сөздер атап, сөйлем құрастыруға үйрету. Буынға бөлуге үйрету. Артикуляция бойынша дұрыс айтуға үйрету.<br>**Сауат ашу негіздері**<br>Тақырыбы: "[і] дыбысы және Іі әрпін қайталау, әріп таңбасын жазу"<br>Мақсаты: [і] дыбысы мен әрпін таныту; Іі әрпі және і әрпі бар сөздерді оқып, жазып үйрету, сонымен қатар, | жақтарын қағаз бетінің төменгі жағына жапсырып, қыс мезгілі бейнесін құрастыруға үйрету; қардың қасиеттері жайлы білімдерін толықтыра отырып, балалардың мақтаны үзіп алу кезінде қол саусақ моторикаларын дамыту; бір орында жұмыс жасау дағдыларын жетілдіру. | түні".<br>Мақсаты: балаларды көк түсті қатырма қағаз бетіне шырша және үкі қима үлгілерін қарындашпен бастырып, дәстүрлі емес: пластилинография әдісі бойынша түрлі-түсті ермексаздарды жеңіл, тегіс қозғалыстармен қатырма қағаздың бетіне жағуға, "Қыс түні" жапсырмасын жасауға үйрету; ермексаздарды жұмсарту, домалақтау, пішінге келтіру арқылы балалардың қол саусақ моторикаларын дамыту; тәулік бөліктері туралы түсініктерін бекіту; тәулік бөліктеріне сәйкес келетін сюжетті суреттерді сәйкестендіру | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | өз тілінің қадір-қасиетіңмен, тіл туралы, кітап туралы мақалдармен танысып, түсінік алады. [і] дыбысына қатысты жаңа сөздерді білдіру арқылы оқушылардың сөздік қорын, сөйлеу тілін дамыту. Сауатты, көркем, таза жазуға тәрбиелеу. | | іскерліктерін жетілдіру.<br>**Мүсіндеу**<br>Тақырыбы: "Спортшы".<br>Мақсаты: балаларды ермексаздың көмегімен мүсіндеудің әртүрлі әдістерін пайдалана отырып спортшыны мүсіндеуге үйрету; өздері қалаған спорт түрлерін мүсіндеуге ынталандыру; қысқы спорт түрлері жайлы білімдерін толықтыра отырып қысқы спорт түрлерінің суреттері мен олардың пиктограммасын сәйкестендіру, ойлау қабілеттерін дамыту. | |
| **Вариативті компонент** | | **Ағылшын тілі**<br>Тақырыбы: "My house.Letter Pp."<br>Мақсаты: үй бөлмелері, жиһаздарға жаңа сөздер алып, сөздік қорларын кеңейту; жаңа Pp әрпімен және осы әріптен басталатын | **Математика негіздері.**<br>Тақырыбы: "Сиқырлы су".<br>Мақсаты: Балалардың қар мен судың қасиеттері мен ерекшеліктері жайлы білімдерін | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | сөздерді үйрету; тыңдау, сөйлеу, жазу, есте сақтау қабілеттерін дамыту; балаларға сабаққа деген қызығушылығын арттыру. Бір-бірінді тыңдау, сыйлау, құрметтеп жүруге тәрбиелеу. Үйді ұқыпты ұстауға баулу. | кеңейту; суыдң шартты өлшемі туралы ұғымдарын қалыптастыру; судың маңыздылығын түсіндіру; жылда санауға жаттықтыру; іс-тәжірибе жасау арқылы қорытынды жасай білу білігін жетілдіру; қолдың ұсақ моторикасын, логикалық ойлау, көру қабілетін, зейіндерін дамыту; ізденімпаздылыққа, тапқырлыққа, нақтылыққа тәрбиелеу.<br>**Жас зерттеуші.**<br>Тақырыбы: "Ақ ұлпа қар".<br>Мақсаты: қар жайлы білімдерін кеңейту, қардың қасиетін тәжірибе арқылы аша отырып, өзгеріске түсетінін түсіндіру; оның негізгі | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | ерекшеліктерін нақтылай дәлелдей білуге үйрету; өз ойларын толық жеткізе білуге дағдыландыру, ойлау қабілеттерін дамыту, сөздік қорларын молайту; табиғатқа қамқорлық қатынасты тәрбиелеу. | | |
| **Аңдардың қысқы тіршілігі / Зима в лесу / Winter in the forest // (3-апта)** | | | | | |
| Мақсаты. Балаларға жануарлардың қысқы тіршілігі туралы түсінік беру. Олар қыстың суығынан қалай қорғанатынын, сыртқы бейнелері неліктен өзгеретінін, немен қоректенетін, қыста жануарларға қамқорлық қажет екенін түсіндіру. | | | | | |
| Оқу қызметінің түрі, тақырыбы, мақсаты. | **Дене шынықтыру**<br>Тақырыбы: "3 метр қашықтықтан тура бағытта доп домалату".<br>Мақсаты: балаларды 3 метр қашықтықтан тура бағытта доп домалатуға үйрету; оқу қызметінде жаттығудың дәстүрлі емес түрлерін пайдалана отырып, аңдардың қимылдарын | **Сөйлеуді дамыту**<br>Тақырыбы: "Ақ тиін мен қасқыр ертегісін сахналау".<br>Мақсаты: балалардың аңдардың қысқы тіршілігі туралы білімдерін қалыптастыру, оның ішінде тиіннің тіршілігі қыс мезгіліне деген дайындығынан мәлімет беру; көркем сөздерді қолдана отырып, балалалардың есте сақтау қабілеттерін | **Математика негіздері**<br>Тақырыбы: "Жануарларды топтастыру".<br>Мақсаты. Балалардың "тоғыз" саны туралы ұғымдарын қалыптастыру, оны тану, атай білу іскерлігін жетілдіру; "тоғыз" жиын санын құрайтын элементтер түрлері жайлы түсінігін | **Музыка**<br>Тақырыбы: "Ақ тиін".<br>Мақсаты: балаларды тиін туралы әнді қызығушылықпен тыңдай білуге үйрету; әннің сипатына қарай музыкадағы төмен және жоғары дыбыстарды ажырата білу қабілетін жетілдіру; музыка сипатына қарай аңдардың қимылдарын дұрыс қайталау және | **Қоршаған ортамен танысу**<br>Тақырыбы: "Балық аулаудың бабы".<br>Мақсаты: балаларға адамның және жабайы аңдардың қысқы тіршілігінің жазғы тіршіліктен айырмашылығын балықты аулау мысалында, бақылау барысында көрсету; балаларды |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | бейнебаян бойынша қайталауға үйрету; саптан шеңберге, шеңберден сапқа ауысу дағдыларын қалыптастыру; ептілік пен жылдамдыққа тәрбиелеу.<br>**Дене шынықтыру**<br>Тақырыбы: "Доппен жаттығулар".<br>Мақсаты: балалардың 3 метр қашықтықтан тура бағытта доп домалату дағдысын жетілдіру; саптан шеңберге, шеңберден сапқа ауысу қабілетін пысықтау; белгілі бейнелерге еліктеп, өз қимылдарын өзгертіп отыру қабілеттерін шыңдау; ептілікке, жылдамдыққа тәрбиелеу; ой-қиялын дамыту. | және зейінін дамыту; аңдардың тіршілігіне деген қызығушылықтарын оятып, мейірімділікке, шапшаңдыққа, ұжымшылдыққа тәрбиелеу.<br>**Көркем әдебиет**<br>Тақырыбы: ""Қолғап" украин халық ертегісі".<br>Мақсаты. Балаларды ертегінің айқын образын көрсете білуге, ертегі туралы түсініктерін бекіте отырып, сөйлеу мәдениетін, еркін сөйлеп өз ойларын дұрыс жеткізу арқылы ауыз әдебиетіне деген қызығушылықтарын арттыру. Ертегіні сахналау арқылы балалардың тіл байлығын, сөздік қорын байыту. Ой, қиялын дамыта отырып рөлге кіре білуге үйрету. Әр кейіпкердің қиялын әуен арқылы жасай білуге тәрбиелеу. | дамыту; сандардың өсу және кему нәтижелерін тұстастыру және беттестіру тәсілдері арқылы табуға үйрету; жиын және оның құрамы арасындағы қатынастарды орната білуді дамыту;<br>Қазақстанда және өзге елдерде мекендейтін жануарлар туралы білімдер жиынтығын пысықтау; логика негіздерін дамыту; ұқыптылыққа, ұғымталдыққа тәрбиелеу.<br>**Жаратылыстану**<br>Тақырыбы: "Қандай аңдар қыста ұйықтайды"<br>Мақсаты. Балалардың қысқы уақытта жабайы жануарлардың тіршілігі туралы | музыкалық аспап сылдырауықпен ойнау қабілетін қалыптастыру.<br>**Музыка**<br>Тақырыбы: "Жануарлар туралы әндер".<br>Мақсаты: балалардың тиін туралы әнді тыңдап, әннің сипатына қарай музыкадағы төмен және жоғары дыбыстарды ажыратып білу қабілетін жетілдіру; музыка сипатына қарай аңдардың қимылдарын дұрыс қайталау және музыкалық аспап сылдырауықпен ойнау қабілетін жетілдіру. **Сурет салу**<br>Тақырыбы: "Жылы жақта мекендейтін жануарлар".<br>Мақсаты: балаларды жылы жақ жерінің жабайы | еңбекті және объектілерді бақылауда зеректігін ұштау; адамның жалдың екі мезгілінде балық аулау еңбегін салыстырып, ортақ ұғымдарды табуға машықтандыру; қорек немесе азықтың зор еңбекпен табылатыны туралы ұғымдарды жетілдіру; байыпты, ұғымтал болуды тәрбиелеу.<br>**Өзін-өзі тану**<br>Тақырыбы: "Түсінісу мен кешіруді үйренеміз".<br>Мақсаты: "Кешірім", "өзара түсіністік" адамгершілік қасиеттері туралы түсініктерін кеңейту; кешірім, түсінісу сөздерінің |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Дене шынықтыру**<br>Тақырыбы:<br>"Доппен эстафеталар".<br>Мақсаты: балаларды эстафеталарда 3 метр қашықтықтан тура бағытта допты домалата білу, саптан шеңберге, шеңберден сапқа ауысу және тағы басқа қабілеттерін жетілдіру; епті жылдам, шымыр, ұйымшыл болуға ынталандыру. | **Орыс тілі**<br>Тақырыбы:<br>"Рассказывание по мотивам сказки "Лисичка-сестричка и Серый Волк".<br>Мақсаты: познакомить детей со сказкой "Лисичка-сестричка и Серый Волк"; формировать представления о таких чертах как хитрость, коварство, жадность, глупость, доброта и сострадание; развивать представления о сезонных изменениях, об особенностях жизни животных , птиц, людей летом и зимой; продолжать формировать понятие о необходимости труда и важности положительных черт характера; воспитывать доброту, любознательность, трудолюбие, щедрость, любовь к сказкам о животных. | білімдерін ойын оқыту жағдайлары арқылы бекіту; жануарлар өміріндегі өзгерістердің өлі табиғаттағы өзгерістерден тәуелділігін анықтауға жаттықтыру; жануарларды салыстыра және сыртқы келбеттерін суреттей білуге, қорытынды жасау білуде дағдыландыру; "жоғары жыртқыш" ұғымын қалыптастыру; табиғатқа деген сүйіспеншілікке, жануарларға ұқыпты қарауға тәрбиелеу. | жануарларының бірін (піл, керік, арыстан) бірін өз еркімен таңдап, толық қағаз бетіне салуға үйрету; салынып жатқан кез келген бейненің (дене пішіні мен бітімі, терінің түстері сияқты) ерекшеліктерін суретте көрсете білу іскерлігін арттыру; салынып жатқан бейнені қағаз бетіне не тіке не көлденең орналастыра білу қабілетін жетілдіру; жылы жақ жерінің жануарлары туралы мағлұматтарды тиянақтау; тірі табиғат өкілдеріне деген қызығушылығын арттыру.<br>**Жапсыру**<br>Тақырыбы: "Бұзауым-ау, бұзауым!"<br>Мақсаты: балаларды бірреттік қағаздан жасалған тәрелке | мағынасын түсіндіру; балалардың жақсы қасиеттерін дамыту; өзара сенім мен түсіністікке тәрбиелеу. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | **Сауат ашу негіздері**<br>Тақырыбы: "[к] дыбысы және Кк әрпі, әріп таңбасын жазу".<br>Мақсаты: [к] дыбысы мен әрпін таныстыру, сөздерге дыбыстық талдау жасауды үйрету. Буындарды, қысқа сөздерді оқуға үйрету. Сөздік қорларын, ойлау қабілеттерін, тілдерін дамыту. Жабайы аңдар туралы түсініктерін кеңейту.<br>**Сауат ашу негіздері**<br>Тақырыбы: "[к] дыбысы және Кк әрпін қайталау, әріп таңбасын жазу".<br>Мақсаты: [к] дыбысымен таныстыру. К дыбысына тіл ұстарта отырып сөз құрату, буын ішінде бекіту, дыбыстық талдау жасату. Дидактикалық құралдар арқылы балалардың есте сақтау, ойлау қабілеттерін дамыту. Балаларды К дыбысы бар сөздерді | | және түрлі-түсті қағаздарды пішінге келтіріп қиып, бұзауды жапсыруға үйрету; үй жануарлары және олардың төлдері, үй жануарларының адамзатқа деген пайдасы жайлы білімдерін кеңейту; саумал жайылы түсінік беру; балаларды қайшымен дұрыс жасау іскерліктерін жетілдіре отырып, қауіпсіздік техникасын сақтауға үйрету; сипаты бойынша үй жануарларын атау; сөздік қорларын молайту.<br>**Мүсіндеу**<br>Тақырыбы: "Тиіннің қысқа дайындығы".<br>Мақсаты: балаларды ермексазды домалату, созу, қайшының көмегімен ойық жасау арқылы тиінге | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | буынға бөлуге, сөйлем ойлауға үйрету. Байланыстырып сөйлеуге, түзу отыруға тәрбиелеу. | | арналған жаңғақ жасауға үйрету; тиін жануарының қысқа дайындығы қалай болатынын ашып, жалпы түсіндіру; қыс мезгілінде тиін еңбегінің маңыздылығы, жануарларға қамқор болуға тәрбиелеу. | |
| **Вариативті компонент** | | **Ағылшын тілі**<br>Тақырыбы: "Furniture. Letter Qq".<br>Мақсаты. Үй бөлмелері, жиһаздарға жаңа сөздер алып, сөздік қорларын кеңейту. Жаңа Qq әрпімен және осы әріптен басталатын сөздерді үйрету. Have got ….грамматикасымен таныстыру. Тыңдау, сөйлеу, жазу, есте сақтау қабілеттерін дамыту. Жиһаздарды ұқыпты ұстауға үйрету. | **Математика негіздері**<br>Тақырыбы: Қысқы ормандағы тіршілік жайлы не білесің?<br>Мақсаты: Балаларды ""тоғыз"" саны мен цифры туралы түсініктерін қалыптастыру; ""тоғыз"" санын тану, басқа заттар жиынтығымен салыстырып, ажыратуға жаттықтыру; жабайы аңдар, олардың ерекшелігі туралы білімдерін пысықтау; | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | зейіндерін тұрақтандыру, логикалық ойлау, есте сақтау қабілеттерін, көру арқылы қабылдауларын дамыту; орман тұрғындарына жанашыр болуға, ізденімпаздылыққа, тиянақтылыққа тәрбиелеу.<br>**Жас зерттеуші.**<br>Тақырыбы: "Жабайы аңдарды санайық".<br>Мақсаты: ормандағы аңдардың қысқы тіршілігі, олардың қысқы табиғатқа бейімделуі туралы түсінік беру; балаларды аңдарды сипаттауға, салыстыра білуге жаттықтыру, табиғатқа деген қызығушылықтарын туғызу; есте сақтау, ойлау қабілеттерін | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | дамыту; аңдарды қорғауға, оларға қамқор болуға тәрбиелеу. | | |
| **Қыстайтын құстар / Зимующие птицы / Wintering birds // (4-апта)** | | | | | |
| Мақсаты. Қыстайтын құстар туралы мәлімет беру. Қыста құстарға азық табу қиын, сондықтан олар қыс кезінде адамға жақын жүреді. Құстарға жем шашуды ұмытпау керек. Құстардың табиғатқа тигізетін пайдасы зор, оларға қамқорлық көрсетуге тәрбиелеу. | | | | | |
| Оқу қызметінің түрі, тақырыбы, мақсаты. | **Дене шынықтыру** Тақырыбы: "Бөрене үстімен төрт тағандап еңбектеу". Мақсаты: балаларды бөрене үстімен алақан мен табанға сүйене отырып төрт тағандап еңбектеуге үйрету; оқу қызметінде қимылдың дәстүрлі емес түрлерін пайдалана отырып, құстардың қимылдарын қайталауға жаттықтыру; ептілік және ерік сапаларына тәрбиелеу. **Дене шынықтыру** Тақырыбы: | **Сөйлеуді дамыту** Тақырыбы: "Үй құстары". Мақсаты. Өлеңді жаттап, мәнерлеп айтуға үйрету. Үй құстары мен дала құстарын ажырату. Құстарды күте білуге үйрету. Құстарға деген сүйіспеншілікке, қамқорлыққа тәрбиелеу. **Көркем әдебиет** Тақырыбы: "Т. Тойбазарұлы «Құстар», «Қайтпай қалған қарлығаш». Мазмұны бойынша әңгімелеу". Мақсаты. Ертегіні мұқият тыңдауды, ертегі мен әңгімені ажыратуды үйрету. Өз ойын толық айтуға үйрету. Ертегіні оқып, | **Математика негіздері** Тақырыбы: "Құстардың топтамасын тең бөліктерге бөлу". Мақсаты: балалардың "он" саны туралы ұғымдарын қалыптастыру, оны тану, атай білу іскерлігін жетілдіру; "он" жиын санын құрайтын элементтер түрлері жайлы түсінігін дамыту; сандардың өсу және кемуін тұстастыру және беттестіру тәсілдері арқылы тексеруге дағдыландыру; жиын және оның құрамы арасындағы | **Музыка** Тақырыбы: "Сауысқан". Мақсаты: балаларды қараторғай туралы әнді тыңдап, сипатын ажырата білуге үйрету; сауысқан туралы әнді сезімталдықпен қабылдай білу қабілетін қалыптастыру; әндегі орташа қарқындылықтың ерекшелігін ажырата білу қабілетін жетілдіру; жаңа би элементтерін музыка әуенімен үйлесімді жасауға жаттықтыру; музыкалық аспаптағы ырғақты сезіне білу қабілетіне баулу. **Музыка** | **Өзін-өзі тану** Тақырыбы: "Бәрі де татулықтан басталады". Мақсаты: отбасы, сүйіспеншілік, татулық ұғымдары туралы түсініктерін кеңейту; отбасындағы татулық туралы түсінік беру; отбасындағы өзара сыйластық, өзара түсiністiктерiнiң қалыптасуына ықпал ету; туған, өскен үйде тату болуға тәрбиелеу. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | "Еңбектеу жаттығулары". Мақсаты: балалардың бөрене үстімен алақан, табанға сүйене отырып төрт тағандап еңбектей білу дағдысын жетілдіру; құстардың қимылдарын, ой-қиялына сүйене отырып, қайталауға ынталандыру; ептілік, ерік сапаларына тәрбиелеу. **Қауіпсіз мінез-құлық негіздері** Тақырыбы: "Үйдегі қауіпсіздік шаралары". Мақсаты: балаларды үйдегі қауіпсіздік шараларын сақтауға үйрету; үйдегі қауіпсіздік шараларын сақтау түрлерімен | мазмұнын түсіндіріп, оны балалардың өздеріне айтқызу арқылы сөздік қорларын көбейту, ауызекі сөйлеулерін дамыту. Адамгершілікке тәрбиелеу. **Орыс тілі** Тақырыбы: "Снегирь. Зимующие птицы". Мақсаты: Познакомить с зимующей птицей снегирем, особенностямистроения его тела, издаваемых звуков; познакомить со стихотворением А. Барто "Снегирь"; закреплять представления об однокоренных словах слова "зима" - "зимовать" - "зимующие"; формировать понятие о правилах хорошего поведения. Учить детей слушать стихотворную речь на русском языке в большом объеме ("Снегирь". А. Барто); | қатынастарды орната білуді, тең бөліктерге бөле білуді дамыту; қыстайтын құстар туралы білімдерін тиянақтау; бақылғыштыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. **Жаратылыстану** Тақырыбы: "Құстардың қыстағы қоректену ерекшеліктері" Мақсаты: Балалардың қоныс аударатын және қыстайтын құстарды тану дағдыларын қалыптастыру; оларды қыста қорғау және тамақтандырудың амалдарымен таныстыру; құстар үшін қауырсындар қандай рөл атқаратыны туралы түсінік беру; танымдық-зерттеу | Тақырыбы: "Құстармен бірге жырлайық". Мақсаты: қараторғай, сауысқан туралы әндерді қайталап, сипатын ажырата білуге жаттықтыру; әндегі орташа қарқындылықтың ерекшелігін ажырата білу қабілетін жетілдіру; жаңа би элементтерін музыка әуенімен үйлесімді етуге машықтандыру; музыкалық аспаптағы ырғақты сезіне білу қабілетіне баулу. **Сурет салу** Тақырыбы: "Үкі ". Мақсаты: балаларды үкінің денесін салу техникасымен таныстыру; бояуға малынып қойған қылқаламды белгілі бағытта жақпалап отырып, үкінің қауырсындарын көрсетуге үйрету; қоңыр, сары, ақ | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | танықтыру; адам өміріне қауіп төндіретін әрекеттерді болдырмау керектігін түсіндіру. | развивать артикуляционный аппарат при проговаривании слов-звукоподражаний и слов, отражающих действие; воспитывать бережное отношение к зимующим птицам, терпение.<br>**Сауат ашу негіздері**<br>Тақырыбы: "[ү] дыбысы және Үү әрпі, әріп таңбасын жазу".<br>Мақсаты: [ү] дыбысын және Ү әрпімен таныстыру. Ү әріп таңбасын жазылуын үйрету. Артикуляция бойынша дұрыс айтуға үйрету. Сөзден сөйлем құрауға үйрету, буынға бөлуді дамыту. Дыбыстық талдау жасату.<br>**Сауат ашу негіздері**<br>Тақырыбы: "[ү] дыбысы және Үү әрпін қайталау, әріп таңбасын жазу".<br>Мақсаты: [ү] дыбысы мен әрпін таныту. | қызметінде салыстыру, талдау, қорытынды жасау қабілеттерін дамыту үшін жағдай жасау; балалардың экологиялық мәдениетін қалыптастыру; құстарға деген құстарға қамқорлық жасауға, сүйіспеншілікті тәрбиелеу.<br>**Құрастыру**<br>Тақырыбы: "Жабайы аңдардың қысқы тіршілігі".<br>Мақсаты.<br>Балаларды лего құрылыс материалдары, құрамында: әртүрлі көлемді кірпіштер, әртүрлі көлемді саңылаулары бар тақташалардан аңдардың патшасы арыстанды құрастыруға үйрету; лего құрылыс материалдарымен | бояуларды палитрада арыластырып, қажетті реңктерді алып бояу дағдысын қалыптастыру, бояуды қағаз бетіне салу алдында, оның консистенциясы сезіну қабілетін, зейінін дамыту; құстарға деген қамқорлыққа; тиянақтылыққа тәрбиелеу.<br>**Жапсыру**<br>Тақырыбы: "Әтеш көгалда жүр".<br>Мақсаты: балаларды әтеш трафаретінің үстіне тарыны жапсырып, түрлі-түсті гуашьпен суға езбей, қою түрінде бояуға үйрету; үй құсы: әтештің шақыруын есту арқылы, балалардың үй құсы: әтеш туралы білімдерін кеңейту; тарыларды жапсыру арқылы баланың саусақ | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | Сөзге дыбыстық, буындық талдау жасату. Ү дыбысының әріп элементтерін, сөздерді дұрыс жазуға, есте сақтауға үйрету, тілін дамыту. Сауаттылыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу | құрастыру кезінде балалардың қол саусақ моторикаларын дамыту; жабайы аңдардың дауыстарын бір-бірінен ажырата білу, жабайы аңдардың қысқы тіршілігі туралы білімдерін кеңейту; жабайы аңдар туралы жұмбақтарды шешіп, бөліктерден құрастыру іскерліктерін жетілдіру. | моторикаларын дамыту; сөздік қорларын молайту. **Мүсіндеу** Тақырыбы: "Суықторғайды мүсіндейміз". Мақсаты: балаларды қыстап қалатын құс: суықторғайды домалақтау, жалпайту, созу, қырнауышпен тырнау әдістерін пайдалана отырып ермексаздан мүсіндеуг үйрету; қыстап қалатын құстарды естеріне түсіріп, суықторғай жайлы білімдерін кеңейту;балалардың ермексазды үзіп алу, басқа да мүсіндеу әдістерін пайдалану арқылы қол саусақ моторикаларын дамыту; жұмыс соңында жұмыс орнын тазалап, қолдарын сүлгімен сүрту іскерліктеріне тәрбиелеу. | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Вариативті компонент** | | **Ағылшын тілі**<br>Тақырыбы: "Birds. Letter Rr".<br>Мақсаты. Құстардың түрлерімен таныстыру, осы тақырыптарға байланысты жаңа сөздерді үйрету. Жаңа Rr әрпімен және осы әріптен басталатын сөздерді үйрету.<br>Тыңдау, сөйлеу, жазу, есте сақтау қабілеттерін дамыту. Құстарды қорғауға үйрету. | **Математика негіздері.**<br>Тақырыбы: "Жемшашардағы құстар "<br>Мақсаты: балалардың уақытты бағдарлау қабілеттерін жетілдіру; апта, тәулік бөліктері жайында білімдерін пысықтау; тәртіптілікке тәрбиелеу.<br>**Жас зерттеуші.**<br>Тақырыбы: "Қыстайтын құстар".<br>Мақсаты: балалардын қыстап қалатын құстар туралы түсініктерін кеңейту; құстардың тіршілігіндегі басты ерекшелігі: ең қажетті жағдайы және өлі табиғаттағы болатын өзгерістердің тірі табиғатқа әсері | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | туралы мәлімет<br>беру; ой-өрісін,<br>дүниетанымын,<br>көру,<br>шығармашылық<br>қабілеттерін<br>дамыту; балалардың<br>табиғатқа деген<br>қамқорлық қарым-<br>қатынасын<br>ынталандыру және<br>қолдау; құстар<br>әлеміне<br>сүйіспеншілікке<br>тәрбиелеу. | | |

## «Қарлығаш» мектепалды топқа арналған перспективалық жоспар
## Ақпан айы 2021-2022 оқу жылы

| | **Денсаулық -3**<br>Дене шынықтыру – 2,5<br>Қауіпсіз мінез-құлық негіздері – 0,5 | **Қатынас– 5**<br>Сөйлеуді дамыту- 1<br>Сауат ашу негіздері - 2Көркем әдебиет– 1<br>Орыс тілі – 1 | **Таным – 2,5**<br>Математика негіздері– 1<br>Құрастыру– 0,5<br>Жаратылыстану– 1 | **Шығармашылық – 5**<br>Сурет салу– 1<br>Музыка – 2<br>Мүсіндеу– 1<br>Жапсыру– 1 | **Әлеумет – 1,5**<br>Өзін-өзі тану1<br>Қоршаған ортамен танысу-0,5 |
|---|---|---|---|---|---|
| **Мен және қоршаған орта / Я и окружающий мир / Me and the world around me // (1-апта)** | | | | | |
| Мақсаты. Балалардың қоршаған ортадағы объектілер, олардың қасиеті мен қажеті жайындағы білімдерін жетілдіру; танымдылыққа, зияткерлікке баулу. | | | | | |
| Оқу қызметінің түрі, тақырыбы, мақсаты. | **Дене шынықтыру**<br>Тақырыбы: "Кедергі заттар арасымен хоп-фитболмен жүгіру".<br>Мақсаты: балаларды кедергі заттар арасымен хоп-фитболмен жүгіруге үйрету; 3 м қашықтықтан допты екі қолымен басынан асыра себетке лақтыруға дағдыландыру; төзімділік пен ерік сапаларына тәрбиелеу.<br>**Дене шынықтыру**<br>Тақырыбы: "Кедергілерден өту | **Сөйлеуді дамыту**<br>Тақырыбы: "Әңгімелеп үйренеміз. Л.Толстой "Екі жолдос".<br>Мақсаты. Әңгімені оқу барысында оқиға желісі мен кейіпкерлерді белгілер арқылы сызып көрсетіп, әр белгінің нені бейнелейтінін түсіндіру. Дыбыс артикуляциясын қайталатып, сөзге дыбыстық талдау жасату. Сөйлемдерді бастап айтып, аяқтауға мүмкіндік | **Математика негіздері**<br>Тақырыбы: "Аквариум барлықтарының сандарын салыстыру".<br>Мақсаты: балалардың он саны құрамындағы сандар туралы ұғымдарын дамыту; ">", "<" және "=" белгілері туралы ұғымдарды қалыптастыру; заттар топтамаларын өзара салыстыруда аталған белгілерді қолдануға үйрету, кеміту, қосу және тең етуге үйрету; қағаз бетінде бағдарлай білу дағдысын бекіту; пішіні шаршы қағазды | **Музыка**<br>Тақырыбы: "Ақ лақ".<br>Мақсаты: балаларды ақ лақ туралы әннің сипаты мен әннің сөздік мағынасын түсініп айта білу қабілетін қалыптастыру; музыка әуенімен ырғақтық қимылдарды топпен бір мезгілде бастап, бір мезгілде аяқтау дағдысына жаттықтыру; дыбысты есту қабілеті мен музыкалық аспапта | **Қоршаған ортамен танысу**<br>Тақырыбы: "Жол ережелері".<br>Мақсаты: балалардың жолда жүру ережелерін ұстану және қоғамдық көлік тәртібін ұстану біліктерін жетілдіру; жол белгілерін ажыратуға үйрету; жолда жүру ережелері туралы білімдерін түрлі жағдаяттарда жалпылау; өз орнын қоғам |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жаттығулары" Мақсаты: балаларды кедергі заттар арасымен хоп-фитболмен жүгіруге жаттықтыру; 3 м қашықтықтан допты екі қолымен басынан асыра себетке лақтыра білу дағдысын қалыптастыру; төзімділік пен ерік сапаларына тәрбиелеу. **Дене шынықтыру** Тақырыбы: "Кедергілерді асу эстафеталары". Мақсаты: балалардың эстафеталарда түрлі қабілеттерін шыңдау: кедергі заттар арасымен хоп-фитболмен жүгіру, 3 м қашықтықтан допты екі қолымен басынан асыра себетке лақтыру; зеректіккке, жылдамдыққа, ұйымшылдыққа | беру арқылы балаларды ойлауға, қиялдауға жетелеу, сөздік қорларын дамыту. Адалдыққа, достыққа тәрбиелеу. **Көркем әдебиет** Тақырыбы: "Қантар мен Ақпан ертегісі". Мақсаты. Ертегіні мұқият тыңдауды, ертегі мен әңгімені ажыратуды үйрету. Өз ойын толық айтуға үйрету. Ертегіні оқып, мазмұнын түсіндіріп, оны балалардың өздеріне айтқызу арқылы сөздік қорларын көбейту, ауызекі сөйлеулерін дамыту. Адамгершілікке тәрбиелеу. **Орыс тілі** Тақырыбы: "Заучивание отрывка из стихотворения С.Я. Маршака "Багаж". Мебель в комнатах." Мақсаты: познакомить детей с | тең екі бөлікке және тең төрт бөлікке бүктеп, болу тәсіліне үйрету, бүтін өзінің бөліктерінен үлкен екендігі туралы түсіндіруді жалғастыру; аквариум балықтарының тіршілігі туралы ұғымдарын пысықтау; шыдамдылыққа, зеректікке тәрбиелеу. **Жаратылыстану** Тақырыбы: "Бөлме өсімдіктері" Мақсаты: Балалардың өсімдіктердің жіктелуі туралы білімдерін бекіту; бөлме өсімдіктерінің түрлерімен таныстыруды жалғастыру; бөлме өсімдіктерінің адам және қоршаған орта үшін маңызы туралы түсініктерді кеңейту; зейінін, ақыл-ойын, практикалық дағдыларын дамыту; бөлме өсімдіктерін | жатық ойнау қабілетін жетілдіру. **Музыка** Тақырыбы: "Менің қамқорлығым". Мақсаты: балаларды ақ лақ туралы әннің сипаты мен әннің сөздік мағынасын түсініп, айта білу, музыка әуенімен ырғақтық қимылдарды топпен бір мезгілде бастап, бір мезгілде аяқтай білу қабілеттерін жетілдіру; дыбысты есту қабілеті мен музыкалық аспапта жатық ойнау қабілетін дамыту. **Сурет салу** Тақырыбы: "Теңіз асты тұрғындары". Мақсаты: балаларды топтастар ұжымымен бірігіп, теңіз асты әлемі сюжеті салуға үйрету; алақан, қылқалам, сорғыш, мақта таяқшасы | ортасында білу, түсіну қабілеттерін қалыптастыру; зеректікке, зияткерлікке, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. **Өзін-өзі тану** Тақырыбы: "Қонақ келсе - қуаныш". Мақсаты. "Қонақжайлылық" ұғымы туралы түсінік беру. Қонақ, қонақжайлылық туралы түсінік беру. Жағымды қарым - қатынас дағдырлары дамыту. Әдептілікке тәрбиелеу. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
